

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B02101 Дизайн

Білім беру саласының коды және атауы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B021 Өнер

Берілетін дәрежесі: 6B02101 Дизайн білім беру бағдарламасы бойынша өнер бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/ 240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

6B02101 «Дизайн» мамандығы бойынша жоғары базалық білім алған мамандар сәулет өнерінің үзінділерін, экспозицияларды, ішкі көріністерді өндірістік және тұрмыстық заттарды, сырттай бейнелеу коммуникациясы, жарнамаларды жобалауға және көркемдеу жұмыстарын орындауға мамандалады. Мамандықтары бойынша сәйкес келетін шығармашылық жобалау кәсіпорындарында жұмыс істеуге дайындалады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- қалалық, ауылдық, саябақтар кешені;
- кішігірім сәулет түрлері, көгалдандыру және ылғалдандыру элементтері;
- коммуникацияны сырттай бейнелеу, экспозициялық кеңістіктер, қалалық ортадағы құралдар мен жиһаздар;

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- жобалау-конструкциялық;
- ұйымдастыру-басқару;
- ғылыми-педагогикалық;

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

- эстетикалық талаптарға жауап беретін тауарлар мен бұйымдардың үлгілерін жобалау;
- компьютерлік модельдеу заттарының, нысандарының және ортасының пішін жасауы мен конструкциялануы;
- макет жасау;
- экспозицияларды дайындау.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **NO1**-дизайн саласындағы таңдалған мақсатқа сәйкес оқу жетістіктерін және ғылыми ұғыну негізінде қоршаған шындықты сыни бағалайды;
- **NO2** – оқушының дизайнерлік білім сапасын қалыптастыруда өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялайды;
- **NO3** - дизайнерлік зерттеулерге тұжырымдар мен ой-қорытулар жасауда, берілген оқу ақпаратқа сүйене отырып білімді практикада қолданады;
- **NO4** - көркем мәдениет контекстінде кәсіби саладағы мәселелерді шешу жолдарын талдайды;
- **NO5** - кәсіби-дизайнерлік деңгейін көтеру және жалпы мақсаттарға жету үшін командаларда коммуникативтілікті көрсетеді;
- **NO6** - инновациялық технологияларды оқытудың мақсат - міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкес қолданады;
- **NO7** - саналы түрде берілген көркем бейнелерге сәйкес оны көркем түрлендіруде, сурет салуда АКТ-ны және цифрлық білім ресурстарын қолданады;
- **NO8** – сыни ойлауға, дизайнерлік мәселелерді шығармашылықпен бірлесе шешу, заттық ортадағы жеке көріністер негізінде түстік

құрылым дайындайды;

- **NO9** - көркем-графикалық әдістер мен натураны дайындау тәсілдері негізінде көркемдік бейнені, заттық орта мен натураның өзіндік көрінісін, әртүрлі графикалық бейнелерді игеруді көрсетеді;
- **NO10**-дизайнерлік жобалардың өзекті тенденцияларын заман талабына сай қолданады.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Модульдің құрамындағы пәндер	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)										
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	
Жалпы білім беретін пәндер циклі														
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті														
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар қарастырылады. Заңнамалық-тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау, даулы жағдайларда проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау жолдары сипатталады.	5									+	+	+
Базалық пәндер циклі														
Жоғары оқу орны компоненті														
2	Инженерлік графика	Дизайн аймағында сызбалар салу, инженерлік есептерді шешудің әдістері, техникалық бөліктердің контурын салу ережелері, проекциялау әдістері, Монжа диаграммалары, аксонометриялық проекциялар, геометриялық денелердің қиышы жазықтықтағы секциялары, геометриялық денелермен қиылысуы, техникалық сызбалар, бөліктер, эскиздер, жұмыс сызбалары мәселелері қарастырылады. АКТ-ны қолдана отырып, инженерлік графика тәжірибесінде білім беру ақпаратын қолдану арқылы сипатталады.	5			+					+			
3	Компьютерлік графика	Компьютерлік графиканың негізгі функциялары, графикалық ақпаратты ұсыну және кодтау, растрлық графика, векторлық графика, фрактал ұғымы, фракталдық графика, акт қолданумен компьютерлік	5	+						+				+

		презентациялар, баспа жүйелері, автоматтандырылған жобалау жүйелері қарастырылады. Алынған білімді практикада қолдану, компьютерлік графиканың графикалық тәсілдері, білімнің дизайнерлік сапасын жүзеге асыру сипатталады											
4	Өнер тарихы	Өнер тарихындағы дизайнерлік білім сапасын қалыптастырудағы жаңа оқу материалдары, ежелгі дүние өнерінің тарихы, ежелгі әлем өнерінің тарихы, Мысыр, Ежелгі Грекия, Еуропа, Шығыс өнері, Орта ғасырлар өнерлері, жаңа және қазіргі заман өнерінің тарихын практикада қолдану қарастырылады. Білімді негізгі бөлімдер бойынша түсіну және интеграциялау білігі, шешімдерді тұжырымдау, шындықты бағалау, ой-қорыту сипатталады.	5		+	+	+						
5	Шрифт *	Көркем мәдениет контекстінде қаріпті сауатты қолдану, әріптерді құру графикасының негіздері, қаріптік графиканың пайда болуы, ұлттық, әлемдік дәстүрлер, қаріптің эргономикасы, қазіргі қаріптік мәдениет сипатталады. Шрифтті практикада сауатты қолданумен, инновациялық технологияларды қолданумен, шрифт құрамын өз пікіріне, бағалау және жарнамалық жоба негізінде құрастырумен сипатталады.	5							+			+
6	Материалдық мәдениет және дизайн тарихы	Адам өміріндегі заттық ортаның мәдениет контекстіндегі рөлі, жалпы мәдениеттегі материалдық мәдениеттің орны, ежелгі әлемнің материалдық мәдениеті, материалдық мәдениет тарихы, дизайн дамуындағы стильдердің пәндік ортадағы көрінісі, ерекшеліктері, материалдық мәдениет дизайнның салалары мен өзара байланысын практикада қолдану қарастырылады. Дизайн саласындағы заңдылықтар негізінде қоршаған ортаны шындықты сыни бағалау мәселелерін шешу қабілеттілігі сипатталады.	5	+		+	+	+					
Базалық пәндер циклі													
Жоғары оқу орны компоненті													
7	Дизайн негіздері	Дизайн саласындағы жобалар, техникалық және эстетикалық сауаттылықты арттыру, дизайн ортаның эстетикалық келбетін көркемдік жобалау ретіндегі, дизайндағы түс және стиль, дизайн стратегиясы мен тактикасы, композицияның көркем құралдары, жарық дизайнның пәндік ортаның дизайны, ортаны жобалау ерекшеліктері қарастырылады. Дизайнерлік іскерлік сапасы	7		+	+							+

		сипатталады, дизайнерлік жобалау және зерттеу жұмыстарының тәжірибесіндегі білімдерін қолданады.												
8	1.Композиция I	Композиция негіздері, заңдылықтары, композицияның тәсілдері мен құралдары, композицияның заңдары, заңдылықтары, принциптері, бейнелі және шығармашылық ойлау, кеңістік және пішін, пропорция. симметрия және асимметрия, үйлесімді композицияның қасиеттері, коллекцияны құру принциптері, форманың өлшемдері, түрі, текстурасы, фактурасы, жарық, түс, тон қарастырылады. Композициялық білімді практикада қолдану, графикалық бейнелерді саналы түрдегі көркемдік бейнелермен композиция құрастыру сипатталады.	11											
	2.Композиция II	Композиция және композиция категориясының заңдылықтары қарастырылады. Дизайндағы жұмыстарды үлгілеудің заңдылықтары мен принциптерін пайдалану, жұмыстың жазық шекарасын сауатты құру; материалдарды көлемді және түсті графикалық өңдеудің түрлі тәсілдерін композициялық білімдерді практикада қолдану сипатталады.												
9	Арнайы сурет (бейін бойынша)	Профильді саладағы кәсіби суреттің бағыттары, жеке көріністер, заттық орта, техникасы, әдістері, суреттегі геометриялық композициялар, әр түрлі позада, қозғалыста адам фигурасының айшықты суреті, силуэтті, интерьер суреті, адам фигурасының айшықты бейнесінің суреті, киімдегі адам фигурасының суретін салу практикада қолдану, бағалау қарастырылады. Берілген көркем үлгіге сәйкес бейнелеу шығармашылық тапсырмаларын АКТ-мен шешумен сипатталады.	5											
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті														
10	1.Материалды өңдеу технологиясы	Технологиялық операцияларды орындау, түрлі материалдардан бұйымдар жасау технологиясындағы дизайнерлік білім сапасы, бұйымның жеке және негізгі бөліктерін пішу, қол жұмыстарындағы мәселелер пайдалану және өңдеу тәсілдері қарастырылады. Материалдарды өңдеу операцияларын практикада орындауда, инновациялық технологияларды қолдануда пәнаралық білімді интеграциялай білу білігі, сыни ойлауы, креативтілігі сипатталады.	5											
	2.Дизайндағы жаңа материалдар	Трикотаж бұйымдарының бөлшектерін жаңа материалдардан пішу, біріктіру әдістері, бұйым бөлшектерін өңдеу, бұйымдарды тігуге												

		қойылатын талаптар, трикотаж бұйымдарын торап бойынша өңдеу әдістері, материалда көркем шығармалар жасау, материалдың үнемі өзгеретін текстурасын бағалау қарастырылады. Материалдарды өңдеу операцияларын практикада орындауда инновациялық технологияларды пәнаралық білімді интеграциялай білу, сыни ойлауы, креативтілігі сипатталады.											
11	1.Салалық материалтану	Киімді тігуде қолданылатын әр түрлі материалдардың конструкциясы мен қасиеттері, олардың ассортименті мен сапасы қарастырылады, материалдарды орынды пайдалану, тоқыма өндірісінің негіздері және тоқыма және тоқыма емес материалдар үшін қажет шикізаттың пайда болуы туралы түсінік береді. Аталынған білімді жобалау, инновациялық технологиялар және оларды бағалау тәжірибесінде қолдану сипатталады.	5			+			+				
	2.Графика және модельдеу	Материалдарда болатын өндіріс және пайдалану жағдайындағы құбылыстардың физикалық мәні, зақымдану түрлері мен өзара байланысы, материалдардың негізгі қасиеттері, дизайндау барысында матаның текстурасын жобалау, техникалық сызбаны, автордың эскизін орындау. Практикада модельдеу барсында кәсіби-дизайн деңгейі сипатталады, әр түрлі типтегі графикалық бейнелер сипатталады.				+		+				+	
12	1.Материалмен жұмыс	Дизайн саласындағы материалдарды өңдеудің оңтайлы тәсілдері, бұйымдардың модельдік ерекшеліктерін жобалау, тоқыма маталарын талдау, бояу әдістері, материалдар түрлерімен жұмыс, матаны таңдау, түрлері, негізгі қасиеттері, тоқылған матаның сапасы, матаны диктотиптеу әдістері, алынған өлшемдерге сәйкес үлгіні матаның бетіне қою әдістері. Тоқыма дизайнының практикалық қолданылуы дизайн жобаларының қазіргі тенденцияларын қолдана отырып сипатталады.	5			+							+
	2.Материалда көлемді форманы орындау	Әр түрлі дизайн бағыттарындағы бұйымдарды дайындаудың технологиялық негіздері, жоспарлы және үш өлшемді нысандарды жобалау, дизайн объектілерін модельдеу, элементтерді жобалау, заманауи материалдарды қолдана отырып дизайн объектілерін көркем безендірудегі бағыттар қарастырылған. Мақсатқа сәйкес қоршаған ортадағы нақтылықты бағалау, дизайн дағдыларының сапасына, дизайнерлік жобалау білімін сипаттайды.			+	+	+						+

		қарастырылады. Затты ортадағы жеке көріністерді практикада қолдану, негізінде колористикалық құрылым тәсілдері негізінде көркемдік бейнені жасау және сыни бағалау, заманауи дизайндағы жобалау ерекшеліктері сипатталады.											
16	Дизайндағы заманауи материалдар (бейін бойынша)	Дизайн саласындағы заманауи материалдар: линкруст, жарқырайтын бояулар, 3Д панельдер, сәндік сылақ, витраждар, тері, табиғи материалдар, акрил бояулары, жарықтандыру, фактуралық бояулар мен маталар қарастырылады. Шығармашылық тұжырымдамалардың эскиздік жобаларын, макеттердегі, ансамбльдердің, нысандардың, бұйымдар мен өнімдердің үлгілерін практикада қолдану, күтілетін нәтижеге сәйкес бағалау, сыни ойлауы, тұжырымдауы, креативтілігі, командаларда коммуникативті көрсете білуі сипатталады.	5	+		+	+	+			+		
17	1.Академиялық сурет	Заттардың көлемдік -құрылымдық нысандарын, геометриялық денелерді, геометриялық және тұрмыстық денелердің натюрморттарын, драперлердің бейнесін, гипстің басынан бастап бөліктерінің сипаттамаларын салу қарастырылады. Табиғаттан сурет салудағы тапсырмаларға сәйкес білімді, графикалық техниканы қолдана білуімен, табиғатқа негізделген көркем образдың қоршаған болмысын сыни бағалаумен сипатталады.	7	+		+					+		
	2.Сурет	Дизайн саласына қажетті адам денесінің конструктивтік құрылымы, талдау принциптері, адам басы формасының конструктивтік негізін талдау, адам скелетінің табиғатынан сурет салуда адам денесінің пластикасы, гипс үлгілерінен фигура, адамның тірі денесінің пластикасы (фигура, қолдың қылқаламы, табан) әр түрлі ракурстарда практикада қолдану қарастырылады. Сурет салуда қойылған міндеттерге сәйкес графикалық әдістерді қолдану қабілеттілігімен сипатталады.									+		+
18	1.Академиялық кескіндеме	Заттардың көлемін түстік-тондық қасиеттері және кескіндеме құралдары арқылы бейнелеу, «Гризайль» техникасында кескінделген натюрморт, түрлі-түсті фондағы және қарама-қарсы түстерден тұратын тұрмыстық заттардан құралған натюрморт, портрет, жартылай дене, қолымен қоса салынған портрет, интерьерде орналасқан адам денесі қарастырылады. Натураның өзіндік көрінісі негізінде көркем бейне жасауда инновациялық технологияларды	4		+	+			+		+		+

		пайдалану, білімдерін интеграциялау білігі сипатталады.											
	2.Кескіндеме	Портреттік кескіндеме бағыты қарастырылады: портрет түрлері, портреттік кескіндемедегі психологиялық сипаттама, портреттік кескіндемені қабылдау ерекшеліктері, портреттік кескіндеме адамның көркемдік қабылдауын қалыптастыру құралы ретінде, түрлі-түсті фонда адам фигурасы, екі фигуралы композиция. Натураның өзіндік көрінісі негізінде көркем бейне жасауда инновациялық технологияларды пайдалану, білімдерін интеграциялау білігі сипатталады.											
19	1.Арнайы кескіндеме (бейін бойынша)	Профильді саладағы кәсіби кескіндеме әдістері, түсті реңдер, контрастпен, түсті кескіндеме құралдары арқылы сәндік кескіндеменің ассоциативті-бейнелі тілін меңгеру, сәндік кескіндеме мен сәндік композициядағы кеңістіктік құрылыс жүйесі, колорит, сәндік формаларға заттардың трансформациясы қарастырылады. Берілген көркем образға сәйкес бейнелеу есептерін шешумен, сыни тұрғыдан ойлаумен, білім беру ақпаратын қолдана отырып білімді қолдануымен сипатталады.	6										
	2.Портреттік кескіндеме	Кескіндемедегі портрет жасаудың негізгі бағыттары, портрет стилизациясы, жазу декоративтілігі, портреттік кескіндеме туралы түсініктерді кеңейту, портрет түрлері, портреттік кескіндемедегі психологиялық мінездеме, портреттік кескіндемені қабылдау ерекшеліктері, портреттік кескіндеме адамның көркемдік қабылдау құралы ретінде АКТ – ны практикада қолдану қарастырылады. Кескіндемелік есептерді, сурет салу әдістерін қолдана отырып, берілген көркемдік тәсілге сәйкес шешумен сипатталады.											
Базалық пәндер циклі													
Таңдау компоненті													
20	Тұстану	Табиғат зерттеушілерінің дизайн саласындағы ойлары, жарық көздері, түс сипаттамаларын өлшеу, заттардың түске әсері, сәуленің спектралды құрамы, түс шеңбері, қабылданатын түс, аддитивті, субтрактивті синтез, түсті қабылдау физиологиясы білімдерін интеграциялау білігі қарастырылады. Түс, тон мен үйлесімділік тәсілдерін инновациялық технология негізінде практикада қолдану, жеке көріністер негізінде колористикалық құрылым әзірлеуде сыни бағалау сипатталады.	5										

21	1.Дизайн саласындағы элементтер мен үрдістер	Дизайн нысандарын құрастыру негіздері, құрастырудың инженерлік жобалау әдісі, дизайн нысандарын бұйымдар кешеніне жобалау процесіне дайындау құрылымы және пішіні, объектінің, бұйымның, құрылыстың конструктивтік шешімін анықтайтын факторлар жарнамада, киім өнеркәсіптік, интерьер дизайнның құрастыру қарастырылады. Дизайнерлік іскерлік сапалары, жобалау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын тәжірибеде білумен сипатталады.	8			+	+												
	2.Дизайн объектілерін көркемдеу	Дизайн нысандарын жобалау бойынша курстық тапсырмаларды орындау кезінде құрылымдарды, объектілерді құру мәселелері қарастырылады, жобалау дизайнында кәсіби іскерліктер қалыптасады, дизайн нысандарын құрылымдау компьютерлік құралдар дизайнерінің, ең алдымен оның жобалық ойлауын меңгеру деңгейімен анықталатындығы қарастырылады. Дизайндік жобаның актуальді тенденцияларын ендіру және талдаумен сипатталады.																	+
22	1.Дизайн нысандарын құрылымдау	Дизайн объектілерін, әр түрлі салаларды (бейін бойынша) құрастырумен байланысты кәсіби білім алу, өнеркәсіптік бұйымдарды жеке объектіден бұйымдарды жобалау, технологиялық немесе өзге үдерісті пәндік қамтамасыз етуге байланысты бағыттар қарастырылады. Дизайндік жобаның актуальді тенденцияларын ғылыми тұрғыдан талдаумен сипатталады.	7																+
	2.Өндірістік дизайн әлемі	Өндірістік дизайн әлемінің теориялық негіздері, графика және модельдеу, коллекциялық бұйымдарды жобалау, бұйымдарды кешенді жобалау, өнеркәсіптік бұйымдарды жеке объектіден бұйымдар жиынтығына, технологиялық немесе өзге процесі заттық қамтамасыз етуге жобалау қарастырылады. Дизайндік жобаның актуальді тенденцияларын ендіруді ғылыми тұжырымдау, қоршаған ортаны нақтылы бағалау және талдаумен сипатталады.				+													+
23	1.Дизайн саласындағы нысандарды жобалау	Бұйымдардың жеке объектілерінен оларды кешенді жобалауға дейін, стадиялық әдістерді жасау, эскизден жобаны әзірлеу әдістері, жұмыс сызбалары, визуализация, іске асыру, жоспарлау, жобаны іске асыру кезеңдері, имитациялық материалдарды пайдалану арқылы макеттерді орындау, интерьер, жарнама, киім дизайнын практикада қолдану қарастырылады. Дизайндік жобаның актуальді тенденцияларын талдау және ендірімен, дизайндік жобалау білімін тәжірибеде қолданумен сипатталады.	8				+												+

	2. Кеңістік дизайндағы жобаларды жоспарлау және ендіру	Жобалаудың әдіс-тәсілдерін <i>ойдағы жобадан эскизге, сызбаға</i> дейін сызбаларды практикалық игеру, жобаны іске асыру үшін талап етілетін ресурстардың сметасын жасау, құнын бағалау, технологиялық тәуелділіктерді және жұмысқа шектеулерді анықтау, жоба жоспарын әзірлеу, бұйым макеттерін орындау технологиясын практикада қолдану қарастырылады. Дизайнерлік жобалардағы қазіргі тенденцияларды іске асыру мақсаттарына сәйкес инновациялық технологияларды қолданумен сипатталады.														
Профильдік пәндер циклі Таңдау компоненті																
24	Траектория 1 Мамандануы бойынша білім беру бағыты "Сән дизайны"	Киім және аксессуарлар дизайны	Киімдер мен аксессуарлардың дизайнының ерекшеліктері, коллекция түрлері, киім дизайны, визуализация, іске асыру және бақылау, жоспарлау, СРА қолдана отырып, киім жобасының мазмұны, киім жобасын іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады. Мақсаттар мен міндеттерге сәйкес киім дизайнындағы, инновациялық технологиялардағы қазіргі тенденцияларды талдаумен сипатталады.	4									+	+	+	
25		Тігін бұйымдарын конструкциялау	Балалардың, әйелдердің, ерлердің киімдерін жобалау және модельдеу әдістерін іс жүзінде қолдану, белдік бұйымдарының негізгі сызу түрлері, градация бөлшектері негізінде үлгіні дайындау, жаңа модельдің техникалық сипаттамалары қарастырылған. Мақсаттарға, міндеттерге және күтілетін нәтижелерге сәйкес оқу және шығармашылық, графикалық тәсілдер инновациялық технологиялармен сипатталады.	4									+		+	
26		Тігін бұйымдарының технологиясы	Әртүрлі типтегі киімдерді жобалау, технологиялық операцияларды орындау, ұлттық бояумен заманауи бұйымдар жасауда әртүрлі материалдардан тігін бұйымдарын жасауда технологиялық білімді қорытындылау және практикалық дағдыларды дамытудың әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Технология саласындағы жетістіктерді сыни бағалау, әлемдік технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстарымен сипатталады.	4		+									+	+
27		Костюм тарихы	Костюмнің даму тарихы, Ежелгі Египет, еуропалық орта ғасыр және қайта өрлеу дәуірі, Ежелгі әлем және Шығыс елдері, ерте орта ғасыр, романдық кезең (ҮІІІ-ХІ ғ. ғ.). ХVІІІ ғасырдың 1-жартысы. Рококо	4			+	+							+	+

			стилі. XX ғасырдың Еуропа костюмі қарастырылады. Қазақ ұлттық киімінің материалдары мен көздері, даму проблемаларын талдау және пәнаралық білімді интеграциялай білу сипатталады.											
28	Траектория 2 Мамандануы бойынша білім беру бағыты "Сәулет дизайны"	Ландшафттық дизайн	Ландшафтта және ашық орта жағдайларда композицияларды қолдану есептерін шешудің нұсқалары мен әдістері, микроклиматты қалыптастыру, сыртқы және интерьерлік шешімдердің байланысы, рельеф элементтері, ұлттық және әлеуметтік факторлар, жобалау тәсілдерінің тарихи және стильдік шарттылығы, заманауи әдістер мен үрдістер қарастырылады. Ландшафттық дизайн тәжірибесінде қазіргі тенденцияларды критериальді бағалау, білімді қолданумен сипатталады.	4	+		+							+
29		Интерьер тарихы	Дизайнның негізгі түсініктері интерьер дизайнының тарихи стильдері антикалық стиль, Готика, Ренессанс (барокко, ампир, рококо). Интерьер стилі модерн. Арт-деко. Хай-тек ғасырлар Прованс дәстүрлері, Скандинавиялық стиль, интерьер Шығыс философиясы, қатаң минимализм, эмоциялық поп-арт қарастырылады. Дизайнның тарихи мәселелерін шешу және тұжырымдарды құрастыру, оларды дизайн саласында практикалық қолданумен сипатталады.	4			+	+						
30		Форма құрастырудағы архитектоника және комбинаторика	Сәулет өнерінің түрлері, дизайнның пайда болуы, кәсіби қызмет түрі, бейнесі, функциясы, форманың ақпараттылығы, архитектоника және оның функциялары, формалардың комбинаторикасы, композицияның заңдылықтары мен құралдары, формалардың қасиеттерін композициялық бірлікке келтіру құралдары, көркем жобалаудың негізгі принциптері қарастырылады. Дизайн саласындағы мәселелерді шешу және тұжырымдарды құрастыру, оларды практикалық қолданумен сипатталады.	4		+				+				
31		Сәулеттегі өрнек	Архитектурада ою – өрнектерді пайдаланудың негізгі бағыттары сәулет формаларының қалыптасу принциптерін меңгеру, сәулет, анықтау, жобалаудың функционалдық және физикалық негіздері; көлемді жоспарлау шешімдерін құрудың сәулеттік, композициялық және функционалдық тәсілдері, сәулеттік өрнектер, сәулет тілі-архитектураның негізгі компоненттері, ұғымдар, сәулет стилі қарастырылады. Дизайн саласында сыни бағалау, өрнектің көркем образын анықтауды көрсетумен сипатталады.	4	+									+
32		Жарнама	Сыртқы жарнаманың, сыртқы жарнамада қолданылатын				+	+						+

	дизайны	материалдардың сипаттамаларын бағалау әдістері, бастысы - қайталамасы, форма массасының эмоционалды бағалауының объективтік қасиеттеріне тәуелділігі, ұқсас элементтерді, ритмді, шрифттерді, корпоративті сәйкестікті қолдана отырып жазықтықты қолдану қарастырылады. Мәселені талдау және қорытынды жасау, білімді жарнамалық дизайн жобаларында актуальді тенденцияларды практикада қолдану арқылы сипатталады.	4											
35	Жарнама маркетингі	Маркетингтің әлеуметтік-экономикалық мәні және функциялары, маркетингтік зерттеулер жүйесі, тауар, тауар саясаты, тауарды сату, маркетингтік коммуникация жүйесі, жарнамада маркетингі басқару қарастырылады. Жарнама маркетингі практикасында мәселелерді талдау және қорытындыны тұжырымдау білімдерімен сипатталады.	4			+	+							
34	Жарнама, графикалық дизайн және жобалау	Графикалық дизайнның қалыптасу теориясы, графикалық дизайн, заманауи мәдениеттің визуализациясы, технологиялар, тұтыну саласы, графикалық дизайнның әлеуметтік-мәдени функциялары, көрнекі жарнамаларды жобалау кезеңдері, жарнамалық дизайн объектілерінің типологиясы, жобалық шешімнің оңтайлылығын бағалау, жарнамалық бейнені әзірлеудің әсер ету механизмі мен жобалық тәсілдерін практикада қолдану қарастырылады. Кәсіби – дизайнерлік деңгейімен, дизайндік жобалардың актуальді тенденцияларды қолдану арқылы сипатталады.	4					+						+
35	Жарнама тарихы	Жарнама тарихы, жарнама технологиясының қалыптасу тарихы мен жарнама бизнесінің даму тарихы, «жарнама өнері», жарнаманың ежелгі түрлері, жарнама бизнесі және жарнама компаниялары, жарнаманың заманауи бағыттары саласындағы өкілдіктер мен негізгі білім жүйесі қарастырылады. Дизайн саласындағы түсіністік пен интеграцияны көрсету, АКТ және цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланумен сипатталады.	4			+						+		